

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудын циклограммасы**

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеве А.Ж

3-апта (11-15 казан, 2021 жыл)

Тәрбиеші: Махмут М.М

**Отпелі тақырып: «Менің отбасым»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау. Ата аналармен кенес, әнгімелесу.</b>	<p>Балаларды көтерінкі көніл-куймен карсы алу. Балар үшін колайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүтінгі көніл-куйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдірге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі құн тәртібі, баланы төрнөлеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әнгімелесу.</p>				
<b>Ойындар. (үстел үсті, саусак және т.б.).</b>	<p>«Жыл мезгілдері» Максаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін тоқыттыру. Көрнекілігі: Жыл мезгілдерін сүреттері. Ойын барысы: Сурет бойынша балалардың жылдың кай мезгілі екенін сұрау. Эр жыл мезгілінің ерекшеліктерін атап.</p> <p>Д.О. «Ілгекті жолдар» Максаты: Саусак моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажыраты білуге үрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үрету. Ойын барысы: Жиналған бірдей ілгектерден ак қағаз бетіне жол жасау.</p> <p>«Күзгі ағаш» Максаты: Балалардың түстер жайлы ұғымдарын калыптастыру, ұсак көл моторикасын дамыту. Көрнекілігі: Ағаштардың сүреттері. Ойын барысы: Суретте бейнеленген ағаштың жапырактарын саусакпен бояу.</p> <p>Д.О. «Сүретті жина» Ойын шарты: балалар еki топка болінеді. Коліктердің сүреттері салынған парак бірнеше болілікке болініп, еki хаткалтаның ішінде болады. Эр топ балалары қағаз киынтарын біркітіріп, колік түрлерін құрастырады.</p> <p>«Кайсысы артық?» Максаты: Балалардың зейнін ойлау кабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: Сүреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қагаздар беріледі. Эр қағазда бірнеше сурет бар. Балалар мұннатын карат, артық затты тауып айтады.</p>				
<b>Мектеп кестесі бойынша ҮОҚ</b>	<p>1.Сауат ашу. Тақырыбы: F дұбысы. ҮОҚ максаты: Сөздегі дұбыстарды, олардың түрлерін ажыратады, дұрыс дұбыстыайды. Сөзді бұныңа бөлелі, сөздегі буын санын және орналасу ретін аныктайды. Ұян дауыссыз дұбыстарды ажыратады. Сұраптарға жауп беріп, берілген сурет бойынша әнгіме құрастырады, сүреттерден мағліметті тауып, аттарын атайды. Педагог жетекшілік мен ойын: Балалардың санайтын атайды. Шарты: Заттарды санайды. Заттың санын, түсін, пішінін айтады. Күрьылымдалған ойын:</p> <p>1.Математика негіздері. Тақырыбы: F дұбысы. ҮОҚ максаты: Сөздегі дұбыстарды, олардың түрлерін ажыратады, дұрыс дұбыстыайды. Сөзді бұныңа бөлелі, сөздегі буын санын және орналасу ретін аныктайды. Ұян дауыссыз дұбыстарды ажыратады. Сұраптарға жауп беріп, берілген сурет бойынша әнгіме құрастырады, сүреттерден мағліметті тауып, аттарын атайды. Педагог жетекшілік мен ойын: «Кім бірінші атайды?» Шарты: Заттарды санайды. Заттың санын, түсін, пішінін айтады. Педагог жетекшілік мен ойын:</p> <p>1.Коршаган ортамен танысу. Тақырыбы: F дұбысы. ҮОҚ максаты: Сөздегі дұбыстарды, олардың түрлерін ажыратады, дұрыс дұбыстыайды. Сөзді бұныңа бөлелі, сөздегі буын санын және орналасу ретін аныктайды. Ұян дауыссыз дұбыстарды ажыратады. Сұраптарға жауп беріп, берілген сурет бойынша әнгіме құрастырады, сүреттерден мағліметті тауып, аттарын атайды. Педагог жетекшілік мен ойын: «Кімге не керек?» Шарты: Балалар бір-біріне жылы сөздерін айтады. -Балалар, дөнгелене тұрып, шаттық шенберін құрайык. Бір-бірімізben амандасып, жылы тілектер айтайды.</p>				

<p>ажырата алады.</p> <p><b>Сұрактарға жауап беріп,</b> берілген сурет бойынша әңгіме құрастырады, суреттерден мәліметті тауып, аттарын атайды.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> Балаларды шаттық шенберіне түрғызып, «<b>Фарыш эткеншегі</b>» ойынын ойнату.</p> <p><b>Шарты:</b> Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. Мысалы: Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Қоңылді музика әуенімен балалар «Күнді» айналып жүреді.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «<b>Фарышқа сапар</b>»</p> <p><b>Шарты:</b> Фарыш, гарышкер туралы айтады.</p> <p>Ғаламат ерлік көп қандай, Fажайып неткен ел еді! Фарыштан келген Тоқтардай Фарышкер болғым келеді. -Фарышкер болғыларың келе ме? -Фарышкер болу үшін қандай болу керек?</p> <p><b>Бірге жаттаймыз.</b> Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен гарышкер боламын.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> Суретпен жұмыс.</p> <p><b>Шарты:</b> Суреттен F дыбысы бар зат атауларын ізде.</p>	<p>тани атай біледі.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Кім бірінші атайды?»</p> <p><b>Шарты:</b> Заттарды санайды. Заттың санын, түсін, пішінін айтады.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Сан баспалдағын күр»</p> <p><b>Шарты:</b> Сандарды ретімен орналастыру.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Кім шатаспай санайды?»</p> <p><b>Шарты:</b> 1-ден 10-ға дейін тұра және кері санайды.</p> <p><b>Жұмыс дәптері.</b></p> <p>1.Суретте не бейнеленгенін айт. Әр тәрелкеде көрсетілген санға сәйкес пирожное болу керек. Жетпегенін жапсыр.</p> <p>2.Цифрлардың үстімен саусағынмен жүргіз.</p> <p>3.Суретте не бейнеленген. Жайылымда неше жануар жайылып жүргенін сана. Неше гүл есіп тұр? Неше көбелек үшіп жүр? Тиісті цифрларды жапсыр.</p> <p>4. Сандарды реті бойынша сыйып қос.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Ал санайық, санайық, Қане, қане санайық. Санын біліп алайық: Біреу, екеу, үшеу, Төртеу, бесеу, Кольмада сонда саусағым</p>	<p>ажырата алады.</p> <p>Сұрактарға жауап беріп, берілген сурет бойынша әңгіме құрастырады, суреттерден мәліметті тауып, аттарын атайды.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b></p> <p>«Шаттық шенбері» Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы тандаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжесуді білмейміз!</p> <p>-Айға үшқыларың келе ме? -Айға үшу үшін қандай болу керек? -Айға немен үшады?</p> <p><b>Тыңда.</b></p> <p>Аспан әлеміне үшқан тұңғыш қазақ гарышкери Токтар Әубекіров.</p> <p><b>Бірге жаттаймыз.</b></p> <p>Кекке үшамын, Үшқыш болар баламын. Соңынан ерем Ер гарышкер ағаның.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен гарышкер боламын.</p> <p><b>Жұмбак.</b></p> <p>Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз. (зымыран).</p> <p><b>Жұмыс дәптері.</b></p> <p>1.Өрнектерді штрихта.</p> <p>2.Үзік сзықтарды</p>	<p>маман иесі екенін ажырата алады.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Кімге не керек?»</p> <p>Кім не істейді?</p> <p><b>Шарты:</b> Педагог сөздерді оқиды. Сол сөзге сәйкес суретті сзызықпен қосады. Аулайды.</p> <p>Күзетеді.</p> <p>Жинайды.</p> <p>Орады.</p> <p>Сатады</p> <p>Бағады.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Жұмбақтар шешейік»</p> <p>Мектептің жүрегі, Білімнің тірегі. (мұғалім). Сауықтырап сырқатты, Жылы үнмен тіл катты. (дәрігер). Зымыранды ерттеген, Ай жұлдызды зерттеген. (гарышкер). Тәртіп заңды сақтайды, Ел сенімін ақтайды. (полиция).</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Кім болам?»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар болашақта қандай мамандық иесі болатынын атайды.</p> <p>-Кандай мамандық иесін</p>	<p><b>Шарты:</b> Балалар бір-біріне жылы сөздерін айтады.</p> <p>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шенберін құрайық. Бір-бірімізben амандасып, жылы тілектер айтайық.</p> <p>-Сәлеметсіздер ме!</p> <p>-Қайырлы тан!</p> <p>-Қайырлы күн!</p> <p>-Сіздерді көргеніме куаныштымын!</p> <p>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:</p> <p>-Сен әдемісің.</p> <p>-Сен мейірімдісің.</p> <p>-Сен ақылдысың.</p> <p>-Сен адад доссың.</p> <p>-Ал балалар, сендер үйлерінде бір-бірлерінде қандай жақсы сөздер айтасындар?</p> <p>-Қайырлы тан, әкешім, анашым!</p> <p>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!</p> <p>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?</p> <p>-Мен үйдегілер «құлыншағым», «кошақаным» т.б. деп еркелетеді.</p> <p>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?</p> <p>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады. Олар: ата, әже, ана, әке және балалары.</p> <p>-Дұрыс айтасындар</p>
---	--	--	--	---

<p><b>Жұмыс дәптері.</b></p> <p>1. Суреттегі заттарды ата. ғ дыбысынан басталатын сөздердің суреттерін сандықтың қатарына жапсыр.</p> <p>2. Суреттегілерді ата. Сөздегі дауысты жне дауыссыз дыбыстарды белгілеп жаз.</p> <p>3. дыбыстық талдау жаса. Жаға. Фарыш. Сызғыз.</p> <p>ғ-жуан дауыссыз дыбыс.</p> <p>-Қандай дыбыспен таныстыңдар?</p> <p>-ғ қандай дыбыс?</p> <p><b>«Басмармақ әдісі»</b> әдісі арқылы балаларды бағалау.</p> <p><b>2. Жаратылыстану.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?</p> <p><b>ҰОҚ мақсаты:</b></p> <p>Қазақстанның (құлақты кірпі, сары қүzen, қарсақ, дала таспақасы, косаяқ, құлан) жабайы жануарларымен танысады. Оларды ажыратта білуге дағдыланады.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Қандай жануар?»</p> <p><b>Шарты:</b> Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Қайда тіршілік етеді?»</p>	<p>бесеу.</p> <p>Оң қолымда бес саусак, Сол қолымда бес саусак. Бесті беске қосқанда, Болып шықты он саусак.</p> <p>-Балалар, сендер нешеге дейін санауды үйрәндіңдер?</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жүлдyzшалар.</p> <p><b>2. Сөйлеуді дамыту.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қорықанға қос көрінеді.</p> <p><b>ҰОҚ мақсаты:</b> Ертегіні оқып береді. Ертегі кейіпкерлері туралы түсінеді; ертегіні өз ойларымен құрастыра алады. Жануарларға камкорлықпен карай білуге тәрбиеленеді.</p> <p><b>«Ертегілер еліне саяхат»</b></p> <p>-Балалар, сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма?</p> <p>-Қандай ертегілерді білесіндер?</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b></p> <p>«Бұл қай ертегі?»</p> <p><b>Шарты:</b> Тақтада бірнеше ертегілер бейнеленген суреттер ілініп тұрады. Балалар қай ертегі екенін айтады.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Ертегілер еліне саяхат»</p>	<p>бастырып сыз.</p> <p><b>3. Ұзік сзықтарды қос.</b></p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Фарышқа сапар»</p> <p><b>Шарты:</b> Фарыш, фарышкер туралы айтады.</p> <p><b>Еркін ойын:</b></p> <p>«Ұшақ»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталады, қанатымызды жаямыйз, баяу қозғаламыйз, аспан әлеміне ұшамыйз. Міне көкте ұшып жүрміз. Балалар қымылмен көрсетеді.</p> <p>Біз ұшамыйз, ұшамыйз, Бар әлемді құшамыйз. Әрбір ел мен қалаға, Куаныш, бақыт сыйлаймыз.</p> <p>-ғ қандай дыбыс?</p> <p>-Өскенде гарышкер болғыларың келе ме?</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жүлдyzшалар.</p> <p><b>2. Қоркем әдебиет.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Мениң сүйікті ойыншығым.</p> <p><b>ҰОҚ мақсаты:</b> Өз ойын айта біледі, басқалардың пікірін тыңдай алады, ұл балаларға (мықты, батыл, еңбеккөр және тағы басқа) және қыздарға тән міnez-</p>	<p>білесің?</p> <p>-Жақсы мамандық иесі болу үшін не істей керек?</p> <p>-Өскенде кім болғың келеді?</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жүлдyzшалар.</p> <p><b>2. Денешынықтыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Біз әртүрліміз. (ауда).</p> <p><b>Негізгі қымылдар:</b></p> <p>Кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге; бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге; шеңбер бойында кол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіргүе жаттықтыру. Биіктігі 20 кедергілерден секіріп өту.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойыны</b></p> <p>«Жел мен жапырақшалар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағытта жүгіруді дамыту. Белгі бойынша қымыл жасай білу.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p><b>3. Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бұлттар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Бұлтты</p>	<p>балалар осы адамдар отбасын құрайды.</p> <p>Сендер де отбасыларының бір мүшесісіндер.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «Суретпен жұмыс» «Ынтымағы жарасқан отбасы»</p> <p><b>Шарты:</b> әңгімелейді Біздің шаңырак.</p> <p>Атамнан басталар, Әжемнен қосталар.</p> <p>Отбасы мыналар:</p> <p>Ең жақын адамдар- Әкем және анам бар, Бір туған апам бар.</p> <p>Бір туған ағам бар, Бір туған інім бар, Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін еремін.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Менің отбасым»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.</p> <p>-ғ отбасында кімдермен бірге тұрасың?</p> <p>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істей керек?</p> <p>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?</p> <p><b>«Менің отбасым»</b> сурет салу.</p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p>Мына саусак- атам,</p>
---	--	---	--	--

<p><b>Шарты:</b> Суреттен жануарларды көрсөтіп, олардың қайда тіршілік ететінін және немен коректенетінін айтқызды.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Ормандағы андар»</p> <p><b>Шарты:</b> балалар андардың кимылын жасайды.</p> <p>Біз орманға барамыз, Онда аюды көреміз. Желкемізде қолымыз, Тенселе басып жүреміз.</p> <p>Алдымызда талдардан, Жылтындаған ку тұлқі. Біз тұлқін алдаймыз, Жүгіріп басып қалмаймыз.</p> <p>Кояндарды көреміз, Коянға ұқсан жүреміз. Қолымызды алға ұстап, Секіре басып келеміз.</p> <p><b>Жұмыс дәптері.</b></p> <p>1. Суретке қара. Суретші бейнелеген жануарларды ата. Оладың қайда тіршілік ететінін білесін бе? Өзінің өлкенде тіршілік ететін жануарларды белгіле.</p> <p>Аю. Қаракүйрық. Тұлқі. Борсық. Барыс. Тиін. Киік. Жолбарыс. Қасқыр. Кірпі. Құлан.</p> <p>2. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?</p>	<p><b>Шарты:</b> Суретте қандай ертегі бейнеленгендерін айтады.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Қай ертегінің кейіпкері?»</p> <p><b>Шарты:</b> Қай ертегі кейіпкерлерін атайды.</p> <p><b>«Менің сүйікті ертегім»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Жаңа ертегімен танысады. Ертегіні тындайды.</p> <p>-Балалар, сендерге ертегі тындаған ұнай ма? -Қандай ертегілерді білесіндер?</p> <p><b>Тында.</b></p> <p>«Қорықканға қос көрінеді» (балаларға ертегіні оқып беру).</p> <p>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.</p> <p>-Олар күнде не тасиды? -Суды немен тасиды? -Суды олар қайdan тасиды? -Сушылар қайтарда қай жолмен жүреді? -Бақта ағаш түбінде не отырды -Бірде коянның төбесіне не түсті? -Қоян қорқып не істеді? Корықкан сушылар не істеді? -Сушыларға қоян қалай елестеді? -Ал қоян ше?</p>	<p>құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылайды.</p> <p>Өз ойыншықтары туралы айтады. Ойыншықтарды ұстай білуге тәрбиеленеді.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b></p> <p><b>«Жалғасын тап»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бастаушы бала сейлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.</p> <p>-Менің ойыншығым... -Мен күршашақлен... -Допты жоғары....</p> <p><b>Бірге айтамыз.</b></p> <p>Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықты жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. -Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? -Қандай ойыншықтарды жақсы көресіндер? -Ойыншықтарды қалай ұстau керек?</p> <p><b>Жұмыс дәптері.</b></p> <p>-Суретте не бейнеленген? -Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? -Сурет бойынша өзіне ұнаган ойыншықтарды сипатта.</p> <p>-Сенде қандай ойыншықтар бар? <b>Құрылымдалған ойын:</b> «Ойыншықтар»</p> <p><b>Шарты:</b></p>	<p>суреттер»</p> <p><b>Шарты:</b> Бұлтты суреттейтін сөздерді тауып айтуга үйрету.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b> «101 жұмбак»</p> <p><b>Шарты:</b> Жұмбактарды шешеді.</p> <p>Көзі жасты, Тұра қашты.</p> <p>(бұлт). Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып.</p> <p>(бұлт). Аспандағы көлеңке, Жерге сүйин шашады.</p> <p>(бұлт пен жаңбыр).</p> <p>Бұлттар төмен болса, жаңбыр жауады, күн сутында.</p> <p><b>Балалардың жұмысы.</b></p> <p><b>«Бұлттар»</b></p> <p>(ашық қек түсті қағаздан киып жapsырады).</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Құннің көзін бұлт жапты»</p> <p><b>Шарты:</b> Бұлттың артына тапсырма жapsырылады. Бұлт кеспелер қағазын алғып тапсырмалар орындалған сайын, құннің беті ашылады.</p> <p><b>Кері байланыс,</b> <b>рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жүлдyzшалар.</p> <p><b>4.Ойлаймыз, ойнаймыз.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Кім қай партада отыр?</p>	<p>Мына саусақ- әжем. Мына саусақ -әкем, Мына саусақ -анам. Мына саусақ - мен, Бәріміз бір - жанұя.</p> <p><b>Кері байланыс,</b> <b>рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жүлдyzшалар.</p> <p><b>2.Музыка.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жомарт күз.</p> <p><b>Максаты:</b> Домбырада орындалатын қүй жанрымен таныстыру.</p> <p>Күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ыргактық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратада.</p> <p><b>Балалардың жұмысы.</b></p> <p>«Саржайлау» Тәттімбет.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзгі зуен» А. Досмагамбет.</p> <p>«Балдырғандар әні» Г.Жотаева.</p> <p><b>Музыкалық ыргактық қимылдар:</b> «Жеңіл би» Т.Ломова.</p>
--	--	--	---	---

<p><b>3.Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра.</b> Олардың жыртқыш немесе шөп қоректі жануар екенін үмітпа. Мынау не? Дене мүшелері. Түсі. Кайда мекендейді? Немен қоректенеді? Адамға пайдасы. <b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сикырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>3.Денешынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Доппен ойнап көніл көтеру. <b>Негізгі қимылдар:</b> Допты асыра лактыру, кедергілерден сібектеп оту жаттығулары. Допты домалату, лактыру және қағып алу; допты жерге он қолымен және сол қолымен ұру; екі қолымен басынан асыра лактыру және бір қолымен кедергіден лактыру.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойыны:</b> «Ұшақтар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар аланда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауга тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды кос!»,</p>	<p>-Міне балалар, «корыққанға қос көрінеді» деген осы екен.</p> <p>Балалар, осы өртегінің авторы сендер болсаңдар өртегіге қандай тақырып кояр едіндер?</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сикырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>3.Сурет салу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қоржынды сәндейміз. (түрлі-түсті қарындаштар).</p> <p><b>ҰОҚ мақсаты:</b> Бір мазмұнға бірліктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйретеді.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Бәрін білгім келеді»</p> <p><b>Шарты:</b> Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Тында.</b> Қоржын-иірілген жүннен тоқылған үй бүйімы. Түрлі заттарды салып алып журуге пайдаланады. Жай жолақты немесе түрлі ернекті, сондай-ақ кілемше (түкті, ернекті) түрінде жасалады.</p> <p>-Балалар, менің қолымдағы суретте қоржын.</p> <p>-Сендердің үйлерінде</p>	<p>Сызба арқылы жаттау. Иші тола бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайық, Келе гой дос ойнайық. Мына тұрган арғымақ, Мінем оған қарғып ақ. Мына тұрган қояным Алдына жем қоямын.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Суретімен сызып қос»</p> <p><b>Шарты:</b> Құстан аумайды, Көкте заулайды. (ұшак). Суға салсаң батпайды, Түскен жерде жатпайды. (доп).</p> <p>Болғанмен жүгі ауыр, Жүрісі тың, Таңданып көрген жандар тамсанатын. (поезд).</p> <p>Аяғы бар жүрмейді, Аузы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (куыршак).</p> <p>Улken, кіші доптың суретін аяқта. Қайсысы артық белгіле.</p> <p><b>Сергіту сөті.</b> Добым, добым, домалақ, Тоқтамайсың домалап. Устел үстін бұлдірдің, Тәрелкені сындырдың. Тентек болып кеттің деп, Тұрмын сені тепкім кеп.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Сабқатары туралы түсініктерін бекіту.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Мен зейінді баламын»</p> <p><b>Шарты:</b> Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Табиғат құбылыстыры.</b> Табиғатта үнемі әртүрлі өзгерістер болып тұрады. Күн мен тұн алмасады. Жаңбыр, қар, бұршақ жауады. Жел соғып, күн күркіреп, наизағай жарқылдайды. Қар ериді, су тасиды. Өзендер мен көлдер қатады. Табиғатта жер сілкіну, боран соғу, су тасқыны, тағы да басқа құбылыстар болып тұрады.</p> <p>Табиғатта болып тұратын өзгерістерді <b>табиғат құбылыстыры</b>-деп атайды.</p> <p>-Табиғат құбылыстыры деген не?</p> <p>-Жылдың кай мезгілінде жаңбыр жиі жауады?</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b> «Суретпен жұмыс»</p> <p><b>Шарты:</b> Суреттегі табиғат құбылыстарын сипаттау.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Табиғат құбылыстыры»</p> <p><b>Шарты:</b> Сурет салу. (жаңбырылған; кемпірқосақ; наизағай т.б.)</p> <p><b>Жұмбақтар шешу.</b></p>	<p><b>Билер:</b> «Шабандоздар би» үнтаспада «Жұмыр қылыш»</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p><b>3.Денешынықтыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Отбасылық альбом.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Допты алып жүру: (қашықтық 5м) жаттығумен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Кішкене допты бір және екі қолымен алыска лактыруды қелбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тұра жүруді үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> «Менің отбасым»</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Допты лактыру әдісі арқылы балалар өз отбасы мүшесі туралы айтады.</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сикырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>4.Логика әлемі.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Уақытта бағдарлау : тәулік (тан, күн, кеш, тұн), апта күндері.</p>
---	---	---	--	---

<p>«Отыргызу басталды!» қымыл жасай алуға үйрету.</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>4.Мұсіндеу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Тиін жаңғақ кеміреді.</p> <p><b>ҰОҚ мақсаты:</b> Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік береді, тиіннің мұсінін жасай біледі, дене бөліктерін біріктіріп қосады, шымшып қысу, дөңестеу тәйлдерін үйренеді, саусақ моторикасын жаксартады.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі</b> <b>мен ойын:</b> «Бәрін білгім келеді»</p> <p><b>Шарты:</b> Зейін қойып тындайды.</p> <p><b>Тында.</b> Балалар, кейбір жануарлар қыска азық жинаиды. Мысалы: тиін ағаштың куысын мекен етеді. Тинге ағаштармен тез өрмелегуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы жаңғақтарды, саңырауқұлактарды ағаш куысына жинаиды. Қыста соларды қорек етеді.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b> Суретпен жұмыс.</p> <p><b>Шарты:</b> Сурет бойынша әңгімелейді, сұрактарға</p>	<p>осындағы қоржын бар ма? -Балалар, менің қолымдағы коржының қандай ерекшелігі бар?</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b> «Ою құрастыру» Шарты: Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Фажайып коржын»</p> <p><b>Шарты:</b> Фажайып коржынды ортага қойып, балаларды кезекпен шақырады, сол коржындағы затты алады, балалар алған заттарын сипаттайды.</p> <p><b>Балалардың жұмысы.</b> «Коржынды сәндейміз»</p> <p>Бұғін біз осы қоржынды түрлі-түсті қарындаштармен салып, оны есем ою- өрнектермен әшекейлейік.</p> <p>Ол үшін: -Алдымен, қағаз бетінде дұрыс бағдар алып, коржынды дәл ортасына орналастырайық. -Содан соң беттің дәл ортасына қоржынды бейнелейміз.</p> <p>-Енді осы қоржынды әдемілеп әшекейлейміз. Ол үшін қоржынды колденен</p>	<p><b>Балалардың жұмысы.</b> -Өзіңе ұнайтын оыйнышықтың суретін сал. -Ойыншықтарды қалай ұстау керек? -Қандай оыйнышық түрлерін білесін? <b>Кері байланыс,</b> <b>рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>3.Орыс тілі.</b> <b>Тема:</b> Выросли на грядке <b>Цель:</b> Произносить и различать звуки в словах и фразах. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) словами и короткими фразами.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі</b> <b>мен ойын:</b> «Бұл қай кезде болады?» Суретпен жұмыс.</p> <p><b>Шарты:</b> Сурет бойынша әңгімелейді, сұрактарға жауап береді.</p> <p>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?</p> <p>-Балалар қайда жүр?</p> <p>-Олар не істеп жатыр?</p> <p>-Осы суреттер бойынша көкөністерді тауып ата.</p> <p><b>Бірге жаттаймыз.</b> Берекесін сыйлауга, Өлкемізге куз келді.</p>	<p>Тебеден төнеді, Тамшысын төгеді. Сол кезде қаулап, Бәйшешек өнеді. (жаңбыр).</p> <p>Көзіңе қөрінбейді, Қолыңа ілінбейді. Бірақта құлағыңа, Үнемі құбірлейді. (жел).</p> <p>Төгіліп жерге ақ моншақ, Файып болды сол шақ та- ақ. (бұршак).</p> <p>Жарқ етсе сабау қамшы, Нөсерлетіп жауар тамшы. (найзагай).</p> <p>Бішкынады өзі жоқ, Бісқырады сөзі жоқ. (боран).</p> <p>Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі).</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Жазда суда жүземіз, Құмда қүнге қүйеміз. Жалаң аяқ жүреміз, Қыста қызып денеміз, Конъки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балалар жаттығу жасайды).</p> <p><b>Екі жұлдыз бір тілек.</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Күн режімі.Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режімі мен оны сактау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі</b> <b>мен ойын:</b> «Жүрекten жүрекке»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар оыйнышқ жүрекшені бір- біріне ұсына отырып өз отбасына өз тілектерін айтады.</p> <p>-Менің отбасым ең тату отбасы.</p> <p>-Менің отбасым ең ұлken отбасы.</p> <p>-Менің отбасым ең бақытты.</p> <p>-Менің отбасым қонақжай.</p> <p>-Мен отбасымды жақсы көремін.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b> «Менің отбасым</p> <p><b>Шарты:</b> Санамақты жатқа айтады.</p> <p><b>«Бір үйде біз</b> <b>нешеуміз?»</b> Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым-атам, Балан үйрек-апам, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам, Кішкентай бөбек-мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Тату-</p>
--	--	--	--	--

<p>жауап береді.</p> <p>-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар?</p> <p>-Тиін қайда жүр?</p> <p>-Тиін нені көрді?</p> <p>-Тиін қайда өмір сүреді?</p> <p>-Тиін жаңғақты қайдан алады?</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Мен көңілді тиінмін»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар қымылмен көрсетеді. Тақпакты жаттайды.</p> <p>Тиін-тиін жүгіріп келді, Балаларға билеп берді.</p> <p>1 2 3 деп артқа бұрылып, Бұлғандатып құйрығын Балаларға билеп-билип, Орнына қайта келді.</p> <p><b>Бірге жаттаймыз.</b></p> <p>Мен тиінмін, тиінмін, Кысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнін.</p> <p><b>Балалардың жұмысы.</b></p> <p>«Тиін»</p> <p>(балалар ермексаздан тиінді мүсіндейді).</p> <p>-Ермексаздан нені мүсіндейдіндер?</p> <p>Балаларды мадактау. Бағалау. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме үйімдастыру.</p>	<p>сызықтармен төрт беліктерді әртүрлі түстермен ерекшелеп бояймыз.</p> <p>Суретке қарасақ қоржын әртүрлі түсті екен. Мінекей, қоржын әртүрлі түске боялды. Енді осы беліктер үстіне оюолар саламыз.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсан дем алам. Канатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>4.Ұлттық ойындар.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b></p> <p>«Аңшылар мен кояндар»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Ойынның үстінде шартын бұзбай ойнауға, жолдастық көмекке тәрбиелеу.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі мен ойын:</b> «Жылтулық шенбері»</p> <p><b>Шарты:</b> Н.Айтоттың «Жолың болсын!» өлеңіне жылулық шенберін құру.</p> <p>-Балалар, адамдар көлікпен алыс сапарға шыққанда бір-біріне «Жолың болсын!»-деп жақсы тілек айтады. Олай болса: Атам шықса сапарға,- жолың болсын! - дейді</p>	<p>Жемістерін жинауга, Шақырады біздерді.</p> <p><b>Тында.</b></p> <p>Күзде барлық жемістер мен көкөністер піседі.</p> <p><b>Жемістер</b> бақта өседі. Көкөністер бақшада өседі.</p> <p>Жемістер: алма, алмұрт, шие, өрік, жұзім. Т.б.</p> <p><b>Көкөністер:</b> кияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, бұрыш т.б.</p> <p><b>Азбука-тетрадь.</b></p> <p>Найди и назови овощи. Расскажи, где они растут. Собери в одну корзину овощи, в другую-фрукты.</p> <p><b>Словарник:</b></p> <p>Капуста, Овощи, Свекла, Огород, Фрукты.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b></p> <p>«Бақта және бақшада»</p> <p><b>Шарты:</b> Жемістер мен көкөністерді ажырату, қайда өсстінін атау.</p> <p>-Жемістер қайда өседі? -Көкөністер қайда өседі? -Жемістерді атаңдар. -Көкөністерді атаңдар. -Көкөністерден қандай тағамдар жасалады? -Қандай көкөністерді пісірмей жеуге болады?</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Сен жасыр</p>	<p>тәтті отбасы»</p> <p><b>Шарты:</b> Берілген тапсырмаларды орындауды.</p> <p>Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласындар.</p> <p><b>Бірге орындаимыз.</b></p> <p>1.Әлия мен Сырым альбомға фотосуреттер жапсырды. олар неше фотосурет жапсырганына кара. Альбомға тағы жапсыратын фотосуреттерді суреттерді тауып көрсет. Жазуларды орында.</p> <p>4+2 6+3</p> <p>2.Суреттегі балаларды сана. Сурет бойынша қандай жазулар құнға болады?</p> <p>3+1 4-1</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Шаршасаңдар балалар Қолдарынды созындар Саусактармен ойнаңдар, Қолдарынды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.</p> <p><b>Кері байланыс, рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жұлдызшалар.</p>
---	---	--	---

	<p>апам.</p> <p>Апам шықса сапарға, -Жолың болсын!-дейді атам.</p> <p>-Жолың болсын! -дейді олар, Улкенге де кішіге. -Жолың болсын!-дейді олар, Ұшырасқан кісіге.</p> <p>Осы сөзді байқадым, Куат барын, күш барын. -Жолың болсын!-айтам мен, Алыс жолға шықса кім.</p> <p>Көліктер үш түрге бөлінеді: жерде, ауда, суда.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын.</b> «Көліктерді топтастыр»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көліктер туралы алған білімдерін толықтыру.</p> <p><b>Шарты:</b> Улестірмелі карточкалардағы көліктерді әуе, жер, су ажырату.</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Суретті жина»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреті салынған парап бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Эр топ балалары қағаз қынқтарын біріктіріп, көлік түрлерін курастырады.</p> <p><b>Жұмбак.</b> Кеудесінде жаны жок,</p>	<p>біз табамыз»</p> <p><b>Шарты:</b> Көкөніс немесе жемістің атын айтпай сипаттайды.</p> <p><b>Кері байланыс,</b> <b>рефлексия:</b> бас бармақ, сиқырлы жұлдызшалар.</p> <p><b>4.Музика.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жомарт күз.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Күші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру. Эннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, эннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білу. Би қимылдарының элементтерін орындау. Музика арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту.</p> <p><b>Педагог жетекшілігі</b></p> <p><b>мен ойын:</b> «Күзгі жапырақтар»</p> <p><b>Шарты:</b> Вальс биін үйрену.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын:</b></p> <p><b>Шарты:</b> Эн тыңдау: «Саржайлау» Тәттімбет.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзгі әуен» А. Досмағамбет. «Балдыргандар әні»</p>	
--	--	--	--

Тамырында қаны жоқ.  
Май жейді, су ішеді,  
Бұл не екен балалар?  
(машина).  
Арқасында ауыл жүр,  
Ала тайым шауып жүр.  
(автобус).  
Аспанда ұшады,  
Қанатын қақпайды.  
Жерде де жүреді,  
Бауырлап жатпайды.  
(ұшак).  
Бір-біріне қарап үйлер  
тіркесіп,  
Кара тұлпар жүр әрлі-бері  
жүр көшіп.  
(поезд).  
Төбесінде ебелек,  
Ұшады өзі керемет.  
(тікұшак).  
**Балалардың жұмысы.**  
«Автобус»  
-Балалар, бүтін біз көліктің  
бір түрі-автобусты  
саламыз.  
(автобусты қалай салу  
керек екенін үлгіні көрсете  
отырып түсіндіру).  
Алдымен тік төртбұрышты  
пішін саламыз.  
Дөңгелектерін саламыз.  
Алдыңғы бөлігіне  
кабинасын, терезесін кіші  
төртбұрыштардан саламыз.  
Балалар салған  
автобусынды өздерін  
қалаган түспен боясандар  
болады.  
**Сергіту сәті.**  
Орнымыздан түрайық,

Г.Жотаева.  
**Еркін ойын:**  
Музыкалық ырғақты  
кимылдар: «Женіл би»  
Т.Ломова.  
**Билер:** «Шабандоздар  
би» ұнтаспада «Жұмыр  
қылыш»  
**Кері байланыс,**  
**рефлексия:** бас бармақ,  
сиқырлы жүлдізшалар.

		<p>Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіктіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Автобусқа мінеміз. (балалар қимылмен көрсетеді). -Қандай көлік түрлерін білесіндер? -Қандай көлік ұнайды? <b>Кері байланыс,</b> <b>рефлексия:</b> бас бармақ, сикырлы жұлдызшалар.</p>			
<b>Серуен, бақылау.</b>	№1 . Тал ағаштарды бақылау.	№2 Шөптерді бақылау.	№3. Құстарды бақылау.	№4 Топырақты бақылау.	№5. Күнді бақылау.
<b>Балалардың даму картасы.</b>	тәнис ертегілердің мазмұнын айтып беру. сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану.	заттарды атайды және ажыратады, олардың өлшемін, түсін, пішінін, жасалған материалын анықтату.	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дүрыс айту.	<b>Балаларға тақпактар жаттату.</b>	<b>Балаларға жұмбақтар жаттату.</b>
<b>Балалардың үйге қайтыу.</b>	Балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата ана сұраптарына жауап беру, кенес беру.				